

## Ақпараттандыру саласындағы бюджеттік бағдарламаларды іске асыру жөніндегі іс-шараларын жоспарлау жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2004 жылғы 22 маусымда N 94, Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 17 мамырдағы N 101-б біріккен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 12 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 2935

Қазақстан Республикасының "Бюджеттік жүйелер туралы" 1999 жылғы 1 сәуірдегі заңына **сәйкес** **Бұйырамыз:**

1. Қоса беріліп отырған Ақпараттандыру саласындағы бюджеттік бағдарламаларды іске асыру жөніндегі іс-шараларын жоспарлау жөніндегі Нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігінің Ақпараттандыру және заң қызметі департаменті (Ә.Ф.Есимова) белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі Б.Т.Сұлтановқа және Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі төрағасының орынбасары К.Б.Есекеевке жүктелсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Экономика және бюджеттік

жоспарлау министрі

Қазақстан Республикасының  
Ақпараттандыру және байланыс  
жөніндегі агенттігінің

төрағасы

Қазақстан Республикасының  
Экономика және бюджеттік  
жоспарлау Министрінің  
2004 жылғы 22 маусымдағы  
N 9 4

және Қазақстан Республикасының  
Ақпараттандыру және байланыс  
жөніндегі агенттігі Төрағасының

2004 жылғы 17 мамырдағы

N 1 0 1 - 6

17 маңырдағы

Ақпараттандыру саласындағы бюджеттік  
бағдарламаларды Іске асыру жөніндегі  
іс-шараларын жоспарлау жөніндегі  
Нұсқаулықты бекіту туралы  
бірлескен бүйрекшіна қосымша

## Ақпараттандыру саласындағы бюджеттік бағдарламаларды іске асыру жөніндегі іс-шараларын жоспарлау жөніндегі нұсқау

Ескерту: Нұсқаулықтың барлық мәтінінде "ағымдағы бюджеттік бағдарламалар", "бюджеттік бағдарламаларды дамыту", "ақпараттандыру жөніндегі" деген сөздер "ақпараттандыру саласындағы" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2005 жылғы 30 желтоқсандағы N 154, ҚР Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің 2005 жылғы 18 қарашадағы N 416-Ө біріккен бұйрығымен.

## 1. Жалпы ережелер

1. Ақпараттандыру саласындағы бюджеттік бағдарламаларды іске асыру жөніндегі іс-шараларын жоспарлау жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) ақпараттандыру саласында бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерімен алдымыздағы қаржылық жыл мен үш жылдық кезеңге іс-шаралардың жоспарлануын бірыңғай талапта белгілеу мақсатында әзірленді.

2. Нұсқаулық ақпараттандыру саласында бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерімен бюджеттік өтінімді құрастырған және ұсынған кезде басшылық болып табылады және:

ақпараттандыру саласындағы бюджеттік өтінімді құрастыруды және келісуді;  
ақпараттандыру саласындағы бюджеттік бағдарламалардың іс-шараларын  
жоспарлауға талараптады;

акпараттандыруға есептесу шығыстары бойынша нысанын толтыруды анықтайды.

Ескеरту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2005 жылғы 30 желтоқсандағы N 154, ҚР Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің 2005 жылғы 18 қарашадағы N 416-Ө біріккен бұйрығымен.

3. Ақпараттандыру саласындағы іс-шаралар ақпараттандыру саласындағы бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалар) бірынғай бюджеттік сыныптамасы арқылы жоспарланады және іске асырылады. Ақпараттандыру саласында басқа да бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша іс-шараларының шығыстарын көрсетуге тиым салынады.

4. Ақпараттандыру саласындағы (кіші бағдарламалар) ақпараттандыру саласындағы жоспарланған іс-шаралар, пайдаланыстағы ақпараттық жүйелер мен телекоммуникациялық жабдықтарды және есептеуіш техниканың өмірлік кезеңін қолдау және басқару қызметтерін орындау үшін мемлекеттік мекемелерді және мемлекеттік органдарды есептегіш техникалармен қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс. Осы іс-шаралар бойынша шығыстарды мемлекеттік органдардың мемлекеттік мекемелердің бағдарламаларын (кіші бағдарламаларын қоспағанда) қызметін қамтамасыз ету жөніндегі бюджеттік бағдарламаның бөліп көрсетілген кіші бағдарламасында көрсетілуі ұсынылады.

**Ескерту:** 4-тармаққа өзгертулер енгізілді - КР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2005 жылғы 30 желтоқсандағы N 154, КР Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің 2005 жылғы 18 қарашадағы N 416-Ө біріккен бұйрығымен.

5. Ақпараттандыру саласындағы жоспарланған іс-шара ақпараттандыру саласында инвестициялық жобаларды орындауға жолдануы тиіс.

6. Осы Нұсқаудың мақсаты үшін келесі анықтамалар пайдаланады:

коммуникациялық және жергілікті есептегіш желілердің-кешендік жұмыстарын дұрыс қамтамасыз ету мен желінің үзіліссіз жұмысын әкімшіліктендіру, барлық коммуникациялық және есептегіш жүйелердің жұмысын басқару жөнінде;

серверлерді әкімшіліктендіру, файлдық серверлердің үзіліссіз жұмыстары мен дұрыс қамтамасыз етуі бойынша іс-шаралар кешен-дерекқорларын, пошталық серверлерді, дерекқорсыз серверлерді және басқа да арнаулы саладағы серверлерді, мониторинг және жүйелі бағдарламалық қамтамасыз ету жұмыстарын басқару бойынша, серверде қондырылған, сақтау бойынша, деректерді қалпына келтіруді және

көшируді;

ақпараттандыру саласында мемлекеттік саясат және мемлекеттік басқарудың қызметін іске асыру бойынша бюджеттен қаржыландыратын іс-шаралар кешені-ақпараттандыру бойынша бюджеттік бағдарлама;

ақпараттық жүйе ақпараттық технологиялар жиынтығы, ақпараттық желілер және құралдар оларды бағдарламалық-техникалық қамтамасыз ету, ақпараттық процестерді іске асыру үшін бағытталған;

ақпараттық ресурстар-электрондық жүйелендірілген ақпарат (ақпараттық дерекқорлар), ақпараттық жүйеде тұратын бағдарламалық қамтамасыз етуімен сәйкес біріктірілген және ақпаратты пайдаланушылар үшін ұсынылатын мүдде;

ақпараттандыру саласындағы инвестициялық жоба-бюджеттік инвестициялық жоба, ақпараттық жүйелерді құруға, ендірге және дамытуға жолданған;

ақпараттық жүйелерді біріктіру-қызметтерді қайталауды жою мақсатында ақпараттық жүйелерді біріктіру бойынша іс-шаралар кешені, бизнес-процестерді онтайлы өзара іс қимыл жасауын қамтамасыз ету, ақпараттық ағымдарды тиімділендіру мен жүйелендіру;

лицензиялаған бағдарламалық қамтамасыз ету-бағдарламалық қамтамасыз ету, өндірушіден рұқсаты (лицензиясы) бар осы бағдарламалық өнімді пайдалануға құқы; ақпараттық жүйелерді жаңғырту - ақпараттық жүйелерді жетілдіру мен дамыту; қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету - бағдарламалық қамтамасыз ету, жеке қолданбалы сипаттамасы бар және айқындалған қызметтер мен міндеттерді шешу үшін бағытталған;

ақпараттық жүйелерді құру - уақыт талабына сай тәртіпке келтіру жиынтығы, өзара байланыстағы, сатыда біріктірілген және іс-шаралар кезеңін, атқарылуы сол қажетті және тапсырылған талаптарға сәйкес процестерді автоматтандыру үшін жеткілікті;

ақпараттық жүйелердің дамуы - жүйелердің қызмет мүмкіндігін кеңейту мақсатында ақпараттық жүйелердің жұмыс жасауы және құрылымға қосымша талаптарды іске асыру бойынша іс-шаралар кешені;

жүйелі қызмет көрсету - ақпараттық жүйелерді қалпына келтіру мен жұмыс қабілеттігін қамтамасыз ету бойынша оған қоса коммуникациялық және жергілікті есептегіш желілерді әкімшіліктендіруді, серверлерді, дерекқорларды және ақпараттық жүйелер мен ақпараттық ресурстарды қорғауды қамтамасыз етудің іс-шаралар кешені;

жүйелі бағдарламалық қамтамасыз ету - бағдарламалық қамтамасыз ету электрондық-есептегіш машиналарды техникалық қызмет көрсету және пайдалану үшін, қолданбалы бағдарламалар әзірлеуін автоматтандыру және айқындау жұмыстарын ұйымдастыру үшін бағытталған;

ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу - ақпараттық жүйелерді бағдарламалық қамтамасыз етуді күйге келтіру немесе өзгертулермен (түрлендіруді) іске асыруға байланысты бағдарламалық қамтамасыз етудің бүтіндігін қозғамайтын ақпараттық жүйелерді пайдаланған кезде пайдаланушыларды қолдауды қамтамасыз етудің іс-шаралар кешені;

телекоммуникациялық қызметтер - деректер беру бойынша провайдердің қызметі, Интернет кіруді береу;

лицензияланған бағдарламалық өнімді техникалық қолдау - бағдарламалық өнім жаңаруының болжамасы, қателерді түзеуге байланысты бағдарламалық өнімді жетілдіру мен кемелдендіруді және пайда болған мәселелер және пайдалану бойынша ақпараттық қолдау және өнімді қолдану;

техникалық қызмет көрсету - жұмыс қабілеттігі жағдайында телекоммуникациялық техникаларды және есептегіш құралдарды қолдау бойынша жұмыстар кешені. Сонымен қоса техника жұмыстарынан бастартуды болдырмау мақсатында және уақытынан бұрын оның тозуы, техникалық жағдайын сараптау, кемшілігін жою, өз алдына бөлшектер мен блоктарды ауыстыру, жабдықтардың қондыру және күйге келтіру, пайдаланушыларға көмек көрсету мен жабдықтар қуатының ұлғаюы үшін плат және қосымша қондырылардың алдын алу;

техникалық ерекшелік - құжат, тауарлар сандық және техникалық сипаттамасынан

тұрады, ақпараттандыру саласындағы бюджеттік бағдарламаларды іске асыру кезінде жұмыс пен қызмет;

ақпараттық жүйелердің таралымы - пилоттық аймақта тәжірибелі пайдалануды аяқтағаннан кейін объектілер бойынша бағдарламалық-ақпараттық жүйелерді ақпараттық қамтамасыз ету;

ақпараттандыру саласында өкілетті орган - мемлекеттік орган, мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын және ақпараттандыру саласында мемлекеттік реттесу;

бюджетті жоспарлау бойынша өкілетті орган - орталық атқарушы орган, ортақылдамдықтағы кезеңге мемлекеттік бюджеттің болжамды көрсеткішін жоспарлау бойынша қызметін жүзеге асыру және республикалық бюджеттің сәйкес жылға жобасы;

ақпараттық жүйелерді пайдалану - оның құрылуы мен дамыған кезде міндеттер мен қызметтерді шешу үшін, ақпараттық жүйелерді пайдалану үрдісі.

**Ескерту:** 6-тармаққа өзгерту енгізілді - КР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2005 жылғы 30 желтоқсандағы N 154, КР Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің 2005 жылғы 18 қарашадағы N 416-Ө біріккен бұйрығымен.

## **2. Бюджеттік өтінімдерді құрастыру, ұсыну және келісімдеу**

**Ескерту:** 2-тараудың атауына өзгерту енгізілді - КР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2005 жылғы 30 желтоқсандағы N 154, КР Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің 2005 жылғы 18 қарашадағы N 416-Ө біріккен бұйрығымен.

7. Бюджеттік өтінім бюджеттік жоспарлау бойынша өкілеттік органға бюджеттік заңнамаларға сәйкес келісуге ұсынылады.

8. Бюджеттік өтінімге бюджеттік бағдарламаның әкімгерлері ақпараттандыру саласында 1-14 қосымшада келісілген осы Нұсқауға және 10-12 тармағындағы техникалық құжаттамада келісілген осы Нұсқауға қосымша есептесу шығыстарын ұсынады.

9. Ақпараттандыру саласындағы бюджеттік өтінімге ақпараттық жүйelerдің дамуы мен қызметтерді әзірлеу бойынша және лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз ету, коммуникациялық және есептегіш техниканы сатып алуды жоспарлауға техникалық ерекшелік қосымшаланады.

10. Техникалық ерекшелік өзіне қосады:  
тауардың атауы, жұмыстар мен қызметтер;  
тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге техникалық талап пен сипаттама;  
тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің сандық сипаттамасы;  
атқаруға жататын қосалқы қызметтер;

жұмыстар атқаратын орын немесе тауарлар мен қызметтерді ұсыну; жоспарланған тауарларды жеткізу мерзімі, жұмыстарды атқару немесе қызметтерді б е р у .

Ақпараттандыру саласында өкілетті органдармен белгіленгеннен төмен емес жоспарлауды ұсынатын коммуникациялық және есептегіш техникалардың техникалық сипаттамасы.

11. Бюджеттік бағдарлама әкімгерлерінің қосымша есептесу шығыстарының бюджеттік өтінімі электрондық және қағаз жүзінде ұсынылады.

12. Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген мемлекеттік құпия туралы ережесін сақтау мен тәртібінде құпия сипаттамасында мәліметтен тұратын бюджеттік өтінім ұсынылады және қаралады.

13. Бюджеттік өтінімді Нұсқаулықтың 7-12 тармақтарын орындаған кезде бюджеттік жоспарлау бойынша өкілетті органның оны қайтарып беруіне негіз болып табылады.

14. Бюджетті жоспарлау бойынша өкілетті орган белгіленген мерзімде өтінімнің қаралуын қабылдайды, олар бойынша жинақ қалыптастырады және оларды үйлестіру жұмыстары бойынша қалыптастыру мен ұлттық ақпараттық инфрақұрылым бойынша және Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету негізгі бағытының қызметі бойынша қорытынды шешімді қабылдау үшін оларды Комиссияға жібереді.

15. Ақпараттандыру бойынша бюджеттік бағдарламаларға бюджеттік бағдарламалар әкімгерлерінің бюджеттік өтінім қаралған кезде ескеріледі:

есепті жылға бюджеттік бағдарламаларды (бағдарламаға жататындарды) іске асырған кезде жоспарланған нәтиженің жетістігі;

ағымды жылғы бюджеттік бағдарламаларды (бағдарламаға жататындарды) іске асыру барысы туралы ақпарат;

өткен кезеңдермен сәйкестендіру бойынша ақшалай шығыстың салыстырмасы мен негіздемесі немесе басқа бюджеттік бағдарламалар әкімгерлерінің ұқсас іс-шаралары;

сопоставимость планируемых цен на товары, работы и услуги рыночным ценам;

болжанатын кезеңге ақпараттандыру саласындағы бюджеттік бағдарламалардың (бағдарламаға жататындардың) күтілетін әсері мен нәтижесі туралы мәліметтің бар болуы сол бойынша жыл соңында бағдарламаларды бағалау, жоспарланатын ақшалай шығыстың күтілетін нәтижесінің бұл салыстырмасы;

мемлекеттік тізімдегі мемлекеттік органдарының ақпараттық телекоммуникациялық ресурстар туралы мәліметінің бар болуы;

ақпараттандыру саласындағы өкілетті органның ақпараттандыру жөнінде бюджеттік бағдарламалардың (бағдарламаға жататындардың) орындалуы туралы респубикалық бюджеттік бағдарламалар әкімгерлерінің өз уақытында ұсынысы.

16. Ақпараттандыру саласындағы берілген өтінімдерді қараған кезде, бірінші кезекте іс-әрекеттегі ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелердің жұмыс жасауын қамтамасыз ету ескеріледі.

17. Ақпараттандыру саласындағы бюджеттік даму бағдарламалары үшін берілген өтініштер қаралған кезде ескеріледі:

жобалардың қатар іске асыруын шығару, ақпараттық ресурстардың бірігуі, бірыңғай технологиялық стандарттарды қолдану бойынша талаптарды орындау;

техникалық тапсырманың талабына құрылатын ақпараттық жүйелердің сипаттамасының сәйкестігі;

ақпараттандыру жобалар бойынша қабылданған халықаралық стандарттарға және белгіленген мемлекеттік стандарттарға техникалық құжаттамалардың сәйкестігі;

жоспарланатын ағымды бағдарламалар шенбериnde, іс-шаралар мақсатына және бағытталуына немесе техникалық тапсырманың талабына жоба құруына, ақпараттық технологияның қазіргі заманғы деңгейіне қызмет және жұмыс, тауарларды талап ету мен техникалық сипаттамасына сәйкестік;

ақпараттандыру саясатының салалы бюджеттік бағдарламаларының әкімгерлерімен жүргізілген нәтижелігі және жоспарламасы, реттілігі.

### **3. Ақпараттандыру саласындағы ақпараттандыру саласында әзірлеуге ұсынылатын талап**

18. Ақпараттандыру саласындағы ақпараттандыру саласында белгіленген тәртіpte келесі тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу жоспарлануда:

1) телекоммуникациялық және есептегіш техникалық құралдары мен лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз ету мемлекеттік органдарды белгіленген нысан шегінде және олардың қатар жүретін қызметін құрастыру және қондыру бойынша қамтамасыз ету;

2) шығыс материалдары, жинақталған және қордағы бөлшектер;

3) ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу;

4) лицензияланған бағдарламалық өнімдерді техникалық қолдау;

5) есептегіш жүйелерге жүйелі қызмет көрсету;

6) телекоммуникациялық жабдықтар мен есептегіш техникалық құралдарына техникалық қызмет көрсету;

7) техникалық сараптама;

8) веб-сайтты құру және қолдау;

9) инвестициялық жобаны аяқтағаннан кейін ақпараттық жүйелердің әкімгерлері және пайдаланушылары курсына мемлекеттік мекемелердің қызметкерлерін оқыту;

10) телекоммуникациялық қамтамасыз ету (деректерді беру, электрондық пошта, Интернет желісіне кіру, VPDN);

11) тиіптік жобалық шешімдерді ендіру және сұйемелдеу.

19. Ақпаратты ақпараттандыру саласында өзірлеген кезде бюджеттік бағдарламаның әкімгерлері келесі талапты ескеруі тиіс:

бекітілген жылдық нормаға сәйкес жабдықтауды (персональды компьютерлермен, принтерлермен және сканерлермен) есептегіш техникаларды жабдықтауды жоспарлау;

ақпараттандыру саласында өкілетті органмен белгіленген техникалық сипаттамасымен және оларды пайдалануды белгіленген кезеңмен сәйкес телекоммуникациялық жабдықтар және есептегіш техникалар паркін қайта жабықтауды жоспарлау;

телекоммуникациялық жабдықтар мен есептегіш техникалар паркін қайта жабдықтау қажеттілігі пайда болған кезде қолда бар техникаларды жетілдіруді мақсатқа сәйкес экономикалық қарau және қажетті техникалық сипаттаманы қамтамасыз ету үшін жабдықтар, жаңа техникаларды сатып алумен бірге және бюджеттік өтінімнің құрамына сәйкес есеп айырысуды ұсыну;

ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды жоспарлау, мемлекеттік органдардың деректерін ақпараттық жүйелер мен желіде беру;

лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалануды қамтамасыз ету;

ақпараттық жүйелерді сұйемелдеу бойынша, лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз етуді техникалық қолдауды, телекоммуникациялық жабдықтар мен есептегіш техникаларға техникалық қызмет көрсетуді және есептегіш жүйелерге жүйелі қызмет көрсетуді әрдайым негізде көтере сатып алу қызметін қамтамасыз ету.

**Ескерту: 19-тармаққа өзгерту енгізілді - КР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2005 жылғы 30 желтоқсандағы N 154, КР Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің 2005 жылғы 18 қарашадағы N 416-Ө біріккен бұйрығымен .**

20. Ағымды бюджеттік бағдарламаның түсіндірме жазбасында келесі ақпаратты көрсету қажетті :

1) ағымды жылдың жоспарланған іс-шараларын ескере отырып есептегіш техникалық құралдарымен ағымды кезеңге арналған болған жағдайға талдаудың дәңгейі ;

2) есепті жылдың негізгі іс-шараларын шолу және оның нәтижелерінің қол жеткізген жетістіктерінің бағасы;

3) алда болатын үш жылдық кезеңге арналған жоспарланған іс-шаралар және күтілетін нәтиже ;

4) ағымды жылда жоспарлағаннан қызметтер және жұмыстар, болжанатын көлемді тауарлардан ауытқуының себебі.

#### **4. Ақпараттандыру саласындағы ақпараттандыру саласында әзірлеуге ұсынылатын талап**

21. Ақпараттандыру саласында ақпараттандыру саласындағы инвестициялық жобаларды іске асыруды жүзеге асыру, құруға, ендіруге және дамытуға жолданған:

электрондық үкіметті қамтамасыз ететін жүйені (мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасы, куәландыратын орталық, веб-порталдар, нормативтік-құқықтық база және өзге де);

мемлекеттік дерекқорлар құру ведомствоаралық ақпараттық жүйелер құру; типтік әкімшілік-басшылық жүйелерін құру;

мақсатты бағдарламаларды іске асыру үшін ақпараттық жүйелер құру; арнаулы жұмыс жасайтын бағыттағы ақпараттық жүйелерді құру.

**Ескерту: 21-тармаққа өзгерту енгізілді - КР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2005 жылғы 30 желтоқсандағы N 154, КР Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің 2005 жылғы 18 қарашадағы N 416-Ө біріккен бұйрығымен .**

22. Ақпараттандыру саласындағы инвестициялық жобаны іске асыру үшін қажетті бюджеттік бағдарламалар дамуы барлық шығыстар кешенін қосуы тиіс. Ақпараттық жүйелерді құруға типтік тізbenің шығысы шығыстарды қосады:

техникалық тапсырманы әзірлеу;

ақпараттық жүйелерді әзірлеу;

ақпараттық жоба шеңберінде телекоммуникациялық жабдықтар мен есептегіш техникаларын сатып алу;

лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу;

ақпараттық жүйелерді ендіруге объектілерді дайындау;

телекоммуникациялық жабдықтар мен есептегіш техникаларын құрастыру және қондыру;

жүйелі бағдарламалық қамтамасыз етуді күйге келтіру және қондыру;

ақпараттық жүйелерді күйге келтіру және қондыру;

алғашқы дерекқорларды дайындау (деректерді енгізу немесе алмастыру);

ақпараттық жүйелердің әкімгерлері мен пайдаланушыларын оқыту;

телекоммуникациялық және есептегіш желілерді (жетілдіру) құру бойынша жұмыстар .

**Ескерту: 22-тармаққа өзгерту енгізілді - КР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2005 жылғы 30 желтоқсандағы N 154, КР Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің 2005 жылғы 18 қарашадағы N 416-Ө біріккен бұйрығымен .**

23. Ақпараттық жобаларды құру бойынша іс-шараларды жоспарлаған кезде бюджеттік бағдарламалардың әкімгері міндетті:

белгіленген мемлекеттік стандарттармен, сатылармен және кезеңдермен ақпараттық жүйелерді құруға сәйкес жобаларды іске асыруды жүзеге асыру;

ақпараттық жобаларды ендіру мерзімі мен кезеңіне сәйкес қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу мерзімін ескере отырып жүргізуі телекоммуникациялық жабдықтар мен есептегіш құралдардың көтере сатып алу

уақытын жоспарлау;

лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалануды қамтамасыз ету.

24. Ақпараттандыру саласындағы бюджеттік бағдарламалар дамуына түсіндірме жазбада келесі ақпаратты көрсетуі қажет:

1) жалпы мәлімет (жобаның атауы, жобаны іске асыру уақыты, жобаның жалпы құны, оның ішінде жылдар бойынша құжаттардың атауы, олардың нөмірі мен мерзімі, оның негізінде сол жоба әзірленеді, жобаны әзірлеуге қатысушы ұйымдардың тізбесі, жоба бойынша техникалық құжаттамаларды әзірлеу тізбесі);

2) ақпараттық жүйелерді құру кезегі, орындалу мерзімі және әрбір кезек мақсатының құрамы;

3) жобаларды құру іске асырылғанды шолу мен олардың нәтижесі бойынша қол жеткізу бағасы, ағымды жылда күтілетін нәтиженің болжамы;

4) техникалық тапсырманың сипаттамасының жүйесінде тапсырылғанды қамтамасыз ету туралы мәлімет;

5) жобаларды іске асыру уақытының бұзылуы себебін талдау, техникалық тапсырманың талабын орындауда, олардың кемшілігін жою бойынша ұсынылатын шаралар;

6) алда болатын үш жылдық кезеңге жоспарланатын мақсаттар және күтілетін нәтижелер;

7) жобаны құруға арналған нақтыланған есептесу шығыстары, алғашқы есептесуден ауытқу негіздемесі;

8) бағдарламалар бағасының нақтылы өлшемі (сандық және сапалық көрсеткіштер, жыл аяғында және жобаны іске асыруды аяқтау бойынша бағдарламаны бағалауды сол бойынша болады).

## 5. Ақпараттандыруға арналған есептесу шығыстары бойынша қосымша нысандарды толтыру

25. Ақпараттандыру саласындағы бюджеттік бағдарламаларды әзірлеу үшін бюджеттік бағдарламалардың әкімгерлері осы Нұсқаудың 1-14 қосымшасында келісілген қосымша нысаны бойынша экономикалық жіктеу шығыстарының ерекшелігіне сәйкестендірген кесінді де ақпараттандыру саласы бойынша есептеу шығыстарын құрастырады. Бюджеттік өтінімнің есептесу шығыстарының нысанын толтыру үшін көрсетілген нысандар бастапқы деректерді ұстайды.

26. Жол-баған есептесуінде күйге келтірілген формуласымен есептесу шығыстарының нысаны кесте түрінде ұсынылады (MS Excel).

Ақпараттандырылуға арналған қосымша нысанында есептесу шығыстары бойынша мындық тенге сомасында көрсетіліп, деректер келесі тәртіпте ұсынылады:  
откен жыл үшін - шығыстардың есеп беру сомасы;  
ағымды жыл үшін - шығыстардың жоспарлы сомасы;  
жоспарланатын мерзімге - шығыстардың болжамды сомасы.

27. Телекоммуникациялық жабдықтар мен есептегіш техникаларды, шығыстық материалдарды және қосалқы бөлшектерді көтере сатып алу шығыстарымен есептескен кезде ақпараттандыру саласында өкілетті органдармен белгіленген нормативтерді пайдалану ұсынымданады.

28. Ақпараттандыру саласына сәйкес бюджеттік бағдарламалар (бағдарламаға жататындар) дамуы және ағымды бюджеттік бағдарламалар (бағдарламаға жататындар) бойынша жоспарланатын іс-шаралар кесіндісінде жалпы шығыстар сомасын толтыру үшін 01а, 01б - ИТ нысаны (1, 2 қосымшалар) арналған.

29. Жылдық және шекті нормаларды қамтамасыз етуге сәйкес персональдық компьютерлердің (бұдан әрі - ПК) санын есептеу үшін 02а, 02б - ИТ нысаны (3, 4 қосымшалар) арналған.

30. Инвестициялық жобаларды құруымен байланысты іс-шаралар бойынша шығыстарды есептесу үшін 03а, 03б, 04а, 05а-АТ, 07а-АТ, нысаны (5-7, 9, 13 қосымшалар) арналған. Бюджеттік бағдарламалар (бағдарламаға жататындар) шығыстар сомасының жиыны есептесу бұл нысандар бойынша шығыстар сомасына сәйкестендірілуі тиіс, көрсетілген сәйкестендірілген іс-шаралар бойынша Тізбеде жоспарланатын іс-шаралар бұл бюджеттік бағдарламалар (бағдарламаға жататындар) д а м у ы н ы н 0 1 а - И Т н ы с а н ы .

**Ескерту:** 30-тармақта өзгертулер енгізілді - КР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2005 жылғы 30 желтоқсандағы N 154, КР Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің 2005 жылғы 18 қарашадағы N 416-Ә біріккен бұйрығымен

31. Ақпараттандыру саласындағы (бағдарламаға жататындар) іс-шаралары бойынша есептесу шығыстары үшін 03-08 - ИТ нысаны (5-14 қосымшалар) арналған. Бюджеттік бағдарламалар (бағдарламаға жататындар) шығыстар сомасының жиыны есептесу бұл нысандар бойынша шығыстар сомасына сәйкестендірілуі тиіс, көрсетілген сәйкестендірілген іс-шаралар бойынша Тізбеде жоспарланатын іс-шаралар бұл бюджеттік бағдарламалар (бағдарламаға жататындар) дамуының 01б - ИТ нысаны.

32. Барлық ағымды бюджеттік бағдарламалар бойынша болжанатын персональдық компьютерлерді көтере сатып алу жалпы санымен есептесу үшін 02а - ИТ нысаны арналған. Келесі толтыру тәртібі:

барлық мекемелер бойынша бюджеттік бағдарламалардың әкімгерлері ағымды жылдың басында ПК нақты саны 1 жолдың 3 бағанында қойылады;  
жалпы компьютерлер санының ПК саны компьютерлік сыйыптарда қойылған,

сервер түрінде пайдаланады және басқа да мақсатта жабдықталған жұмыс орнына байланысты емес (бұдан әрі ПК жалпы тағайындалуға) 2 жолдың 3 бағанында қоюлады;

бюджеттік бағдарламалардың төл құжатымен бекітілгенге сәйкес ағымды жылда жоспарланған көтере атып алуға ПК жалпы 3 жолдың 3 бағанында қоюлады;

мемлекеттік қызметшілердің және мемлекеттік мекемелердің қызметкерлерінің бюджеттік бағдарламалар әкімгерлерінің жалпы штаттық саны 4 жолдың 4-6 бағанында қоюлады;

болжанатын жылдың сәйкестендірілуіне арналған ПК жылдық нормалық қамтамасыз етуі 5 жолдың 4-6 бағанында қоюлады;

ПК санын болжанатын жылға норма бойынша қамтамасыз ету норманы қамтамасыз етуіне арналған штаттық санның ұлғаюына сенім артуы 6 жолдың 4-6 бағанында қоюлады;

7 жолда ПК тапшылығы болжанатын жылдың басында сенім арту бойынша:

ПК санының арасындағы 4 бағанмен айырмашылығы сияқты 1-і болжамды жылдың нысаны бойынша (6 жол, 4 баған) және ПК нақты санының сомасы (1 жол, 3 баған) жалпы тағайындалған ПК санын шегергенде (2 жол, 3 баған), ағымды жылда ПК көтере сатып алушының жоспары (3 жол, 3 баған) және 1-і жоспарланған жылда ПК көтере сатып алушының болжамы (8 жол, 4 баған);

ПК санының арасындағы 6 бағанмен айырмашылығы сияқты 3-і болжамды жылдың нысаны бойынша (6 жол, 6 баған) және ПК нақты санының сомасы (1 жол, 3 баған) жалпы тағайындалған ПК санын шегергенде (2 жол, 3 баған), ағымды жылда ПК көтере сатып алушының жоспары (3 жол, 3 баған) және 1-і, және 2-і жоспарланған жылдарда ПК көтере сатып алушының болжамы (8 жол, 4, 5 бағандар);

болжанатын жылға сәйкес ПК көтере сатып алу болжамы 8 жолдың 4-6 бағанында қоюлады. Сенім артқан болжамды жылдың кезеңінің бастамасына арналған ПК тапшылығы мәнінен болжам мәні аспауы керек;

жалпы тағайындалған ПК көтере сатып алу болжамы (түсіндірме жазбада бұл тұтынушылық негіздемесі көрсетілген) 9 жолдың 3 бағанында қоюлады;

(Осы ПК сатып алу жылы мен жалпы техникалық сипаттамасы түсіндірме жазбасында көрсетіледі) белгіленген тәртіpte шығынға жазу актісінде сол бойынша дайындалған ПК саны 10 жолдың 3 бағанында қоюлады;

11 жолда ПК ескере отырып ПК көтере сатып алу болжамы, ауыстыруға жататын, сенім арту бойынша:

4 бағанда көтере сатып алу сомасының болжамы сияқты (8 жол, 4 баған), жалпы тағайындалатын ПК (9 жол, 4 баған) және ПК саны, ауыстыруға жататын (8 жол, 3 баған);

5, 6 бағандарына 5, 6 бағандары ПК көтере сатып алу бойынша сомасына сәйкес тең 8 жол бойынша және жалпы тағайындалған ПК көтере сатып алу болжамы 9 жол

## б о й ы н ш а .

Көтере сатып алатын ПК жалпы саны ("Пайдаланушылардың жұмыс жасайтын станциялары" жолы 03а-ИТ нысаны, 8, 11, 14 бағандары) барлық ағымды бюджеттік бағдарламалары бойынша ПК санына сәйкес болуы тиіс, 9 жолдың және 4-6 бағандарында көрсетілген.

33. Барлық ақпараттандыру саласында көтере сатып алуға қол жеткізетін персональдық компьютерлер санының шекті шығысы үшін 02б - ИТ нысаны арналған. ПК саны ақпараттандыру саласында анықталады және инвестициялық жобалардың талабына сай негізделеді. Сенім артқан 02б - ИТ нысаны бойынша ПК шекті санын пайдалану бақылау мақсатында нормаланған ПК саны.

1) 1 жолда, 3 бағанда ПК нақты саны ағымды жылдың басында барлық мемлекеттік мекемелердің бюджеттік бағдарламалардың әкімгерлері бойынша жалпы тағайындалатын ПК санысыз 02а - ИТ нысанынан көшіріледі;

2) 2 жолда, 3 бағанда ПК жалпы саны, ағымды жылда көтере сатып алуға жоспарланған бюджеттік бағдарламалардың бекітілген төл құжатымен сәйкес 02а - ИТ нысанынан көшіріледі ;

3) 3 жолда, 4-6 бағандарында жалпы штаттағы мемлекеттік қызметшілердің және мемлекеттік мекемелердің қызметкерлерінің бюджеттік бағдарламалар әкімгерлерінің саны 02а - ИТ көшіріледі ;

4) 4 жолда, 3 бағанда ПК қамтамасыз етудің шекті нормасы қойылады;

5) 5 жолда 3 бағанда ПК саны шектелген норма бойынша қамтамасыз ету штаттық санды шектелу нормасы қамтамасыз етуіне сенім артады;

6) 6 жолда, 4-6 бағандарда ағымды бағдарламалар бойынша ПК көтере сатып алу болжамы 7 жолдан 4-6 бағандардан 02а - ИТ нысанынан көшіріледі;

7) 7 жолда, 3 бағанда ПК тапшылығы 1-ші болжанатын жылдың басында шектелу нормасы бойынша ПК санының арасында айырмашылығы сияқты сенім артады (5 жол, 3 баған) және ПК сомасының нақты санында (1 жолда; 3 бағанда) және ағымды жылда ПК көтере сатып алу жоспары (2 жолда, 3 баған);

8) 8 жолда, 3 бағанда ПК саны, бюджеттік бағдарламалар дамуы бойынша көтере сатып алуға сол қол жеткізуге жоспарлау, ПК тапшылығы арасындағы айырмашылық сияқты сенім артады (7 жолда, 3 баған) және ағымды бюджеттік бағдарламалар бойынша үш жылдың кезеңге ПК көтере сатып алу болжамымен (6 жолда, 4-6 бағандар ) ;

9) 9 жолда, 4-6 бағандарда ПК көтере сатып алуға болжанатын кезеңге сәйкес болжам қойылады. 3 бағанда осы жолдар жалпы ПК саны үш жылдың кезең үшін сенім артады (4-6 бағандар сомасы). 3 баған болжамының мәні ПК санының қол жеткізетін ( шекті) мәнінен аспауы тиіс, 8 жолда, 3 бағанға сенім артады.

34. Телекоммуникациялық жабдықтарды есептегіш техникаларды көтере сатып алуға арналған іс-шараларды жоспарлаған кезде (411 ерекшелік) 03а - ИТ нысаны

толтырылады. Телекоммуникациялық жабдықтар мен есептегіш техникаларды көтере сатып алуға қажеттілік талаптармен және ендірілетін уақытпен немесе таратылымды ақпараттық жобалармен негізделуі тиіс, есептегіш техникалар құралдарын қамтамасыз ету нормаларымен немесе табиғи немесе моральды ескіргендігі. 03а - ИТ нысанында телекоммуникациялық жабдықтар мен есептегіш техникалар келесі топта бөлінген:

- 1) серверлер;
- 2) жұмыс жасайтын станциялар;
- 3) принтерлер;
- 4) сканерлер, плотерлер;
- 5) желіні қорғау үшін жабдықтар;
- 6) белсенді желі жабдықтары;
- 7) әрекетсіз желі жабдықтары;
- 8) электрожабдықтар;
- 9) өзге де жабдықтар.

"Өзге де жабдықтар" - тобынан басқа әрбір топ үшін 03а - ИТ 1 нысаны жабдықтар тізбесі тартылған. Қажеттілікке байланысты топқа жолдар қосуға болады. Көзделген нысан жолында жабдықтардың атауы нақтылау жіберіледі. "Өзге де жабдықтар" тобына телекоммуникациялық жабдықтар мен есептегіш техникалар қосылады, бюджеттік бағдарламалар (бағдарламаға жататындар) мақсатында және тағайындауға байланысты, бірақ 1-9 топтары қосылмаған.

1 бағандағы жабдықтардың атауы міндепті түрде көрсетілуі тиіс. Жабдықтардың құны мен техникалық сипаттамасы бекітілген техникалық сипаттамасы нормативтермен бекітілген және телекоммуникациялық жабдықтар мен есептегіш техникалардың құны сәйкестендірілуі тиіс. Талап еткен жабдықтар жоқ болған кезде нормативте көрсетілген жабдықтардың бағасырынок бағасымен сәйкестігі анықталады

Есепті жылда жабдықтардың сатып алған құны және 3, 4 бағанында сәйкестендірілген санды, 5, 6 бағандарында санды және құны жоспарланатын ағымды жылда жабдықтарды көтере сатып алу көрсетіледі. Жабдықтарды көтере сатып алу 7 бағанда АҚШ доллары бағасының болжамы көрсетіледі. Жоспарланатын үш жылдық кезеңге сәйкес жоспарланған жоспарланатын есептегіш жабдықтарды көтере сатып алу 8, 11, 14 бағандарында санды көрсетіледі. 9, 12, 15 бағандарында болжанатын жабдықтың бағасы теңге жоспарланатын жылға сәйкес бағасының АҚШ долларында ұлғайған бағасымен есептесіп доллар бағамына сәйкес осы кестенің нысанының басында көрсетілген. 10, 13, 16 бағандарында болжанатын жабдықтардың құны мың теңгеге жоспарланатын жылға сәйкес баға сандының теңгеге ұлғаюымен есептесіп және бір мыңға бөлінген.

35. 03б-ИТ нысаны материалдарды көтере сатып алу іс-шараларын жоспарланған кезде қажетті телекоммуникациялық және есептегіш желілерді құру үшін, және өзге де

тауарлар, ескерілген 139 экономикалық ерекшелік бойынша толтырылады.

03б-ИТ нысанындағы бағанда телекоммуникациялық және есептегіш желілер үшін материалдар тізбесі тартылған. Министрліктер мен аймақтық бөлімшелердің бір нұктеге желі жиынтығының құрамы мен бағасы техникалық сипаттаманың нормативіне сәйкес және телекоммуникациялық жабдықтар мен есептегіш техникалардың бағасымен анықталады.

1 бағанда өзге де тауарлардың атауын өзгерту және қосымша жолдарды қоюға жіберіледі. Қалған 03б-ИТ нысанының бағанын толтыру үксас 03а-ИТ нысанын толтыру.

36. Лицензияланған бағдарламалық өнімдерді көтере сатып алу іс-шараларын жоспарлаған кезде (452 ерекшелік) келесі топ кесіндісінде толтырылады:

- 1) деректерқорын басқару жүйелері және операциялық жүйелер;
- 2) мониторинг желісін және басқару үшін бағдарламалық құралдар;
- 3) ақпараттарды қорғауды қамтамасыз ету үшін бағдарламалық құралдар;
- 4) вирусқа қарсы бағдарламалар;
- 5) өзге де жүйелі бағдарламалық өнімдер;
- 6) қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету.

04а-ИТ нысанындағы 1 бағанда сәйкестендірілген топтар бойынша бағдарламалық өнімнің атауы көрсетіледі, қосымша жолдар қойылады. Ақпараттандыру саласындағы бюджеттік бағдарламалар (бағдарламаға жататындар) мақсаты және көтере сатып алған бағдарламалық өнімдер бағытына сәйкес болуы тиіс, саны және лицензияны көтере сатып алған уақыты ендіру уақытымен үйлестірілген және ақпараттандыру жобасының таралымы болуы тиіс. Ереже сияқты лицензия жылдық техникалық қолдауымен жеткізіледі, сондықтан лицензияны көтере сатып алуға арналған шығыстар жылдық техникалық қолдау құнымен қоса жіберіледі. Ақпараттандыру саласындағы бюджеттік ағымды бағдарламалар (бағдарламаға жататындар) бойынша техникалық қолдауды көтере сатып алу келесі жылдарда өндірілуі тиіс. Қалған 04а-ИТ нысанының бағанын толтыру үксас 03а-ИТ нысанын толтыру.

37. Лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз етудің (149 ерекшелік) техникалық қолдауын көтере сатып алуға арналған іс-шараларды жоспарлаған кезде 04б-ИТ нысаны толтырылады. Қалған 04б-ИТ нысанының бағанын толтыру үксас 04а-ИТ нысанын толтыру.

38. Мақсаттар мен ақпараттық жүйелердің таралымы және ендіру, дамыту, әзірлеу бойынша қызметтерді көтере сатып алуға арналған іс-шараларды жоспарлаған кезде 05а-ИТ нысаны толтырылады. 05а-ИТ нысанының 2 бағанында ақпараттық жүйелердің, жүйеге жататындардың немесе мақсаттарының толық және қысқарған атауы көрсетіледі. 05а-ИТ нысанының 3 бағанында жүйелерді дамыту және құруға арналған есепті жылда жүргізілген шығыстар сомасы көрсетіледі, 4-бағанда ендіруге,

ақпараттық жобалардың таралымына арналған, 5-бағанда пайдаланушыларды оқытуға, жүйелер әкімгерлерін немесе мамандарды техникалық сүйемелдеу үшін. Келесі бағандарда ағымды жылда жоспарланған және болжанатын үш жылдық кезеңінің сәйкестендірілген шығыстары көрсетіледі. Оқуға арналған шығыстарға оқытылатын мамандардың іссапарлық шығыстары қосылады.

Егер инвестициялық жоба аяқталған болса және іс-әрекеттегі ақпараттық жүйелердің талабы пайда болса қосымша мамандарды оқыту немесе жаңа бөлімшеде жүйелерді ендіру қажет болса, онда осы іс-шараларға арналған ағымды бағдарламалар (бағдарламаға жататындар) шығыстары жоспарлануда.

**Ескерту: 38-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2005 жылғы 30 желтоқсандағы N 154, ҚР Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің 2005 жылғы 18 қарашадағы N 416-Ө біріккен бұйрығымен**

39. Ақпараттық жүйелерді сүйемелдеуге (149 ерекшелік) арналған іс-шараларды жоспарлаған кезде 05б-ИТ нысаны толтырылады. 05б-ИТ нысаны ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу бойынша және оларды пайдалану бойынша өзіне қызметтерін қосады. Сүйемелдеу бойынша қызметтерге жүйелерді құйге келтіруін өзгерту бойынша қызметі, бағдарламалық қамтамасыз етуді жетілдіру, бағдарламалық өнімнің құрылу негізін қозғамайтындығымен, оның бүтіндігін сақтауын және жүйелер жұмысының шақырусыз дәрменсіздігін, ағымды өзгертулермен іс-әрекеттегі ережелер және нұсқау немесе жүйелердің қызметтік мүмкіншілігін барынша кеңейтілуімен, сондай-ақ нұсқау беру және жүйелерді пайдаланушыларға кеңес беру. 2 бағанда жүйелердің толық атауы немесе мақсаты көрсетіледі, 3 бағанда сүйемелдеуге арналған есепті жылда жүргізілген шығыстар сомасы көрсетіледі, 4 бағанда пайдалану. Келесі бағандарда болжамды үш жылдық кезеңдерге арналған және ағымды жылда жоспарланған сәйкестендірілген шығыстар көрсетіледі. Нысанда қосымша жолдар қоюға жіберіледі.

40. Есептегіш техникаларға (146 ерекшелік) техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтерді көтере сатып алуға арналған іс-шараларды жоспарлаған кезде 06а-ИТ нысаны толтырылады. 06а-ИТ нысанының 2 бағанында стандарттық жұмыстар тізімі тартылған, сол мемлекеттік органның ерекшелігімен сәйкес толықтырылуы мүмкін. 06а-ИТ нысанының 3 бағанында бірлік өлшемі көрсетіледі, 4, 5 бағандарында есепті жыл үшін техникалық қызмет етуге арналған шығыстар сомасы және табиғи айтылымда оған сәйкес қызмет ауқымы көрсетіледі, 6, 7 бағандарында жоспарланатын ағымды жылға арналған сол көрсеткіштер көрсетіледі. 8 бағанда қызмет бағасы АҚШ доллары бағамында қойылады. 9, 12, 15 бағандарында болжамды үш жылдық кезеңге арналған қызмет ауқымы көрсетіледі. 10, 13, 16 бағандарда бағаға сәйкес бірлік қызмет бағасын теңгемен есептеседі, 8 бағанда АҚШ доллары бағамында қызмет ауқымы көрсетіліп, құжаттың есептесу бағанының басында көрсетілген. 11, 14, 17 бағандарында болжанатын кезеңге қызмет құны қызмет ауқымының ұлғаюының теңге

бағасына есептесіп және бір мыңға бөлшектелген.

Келесі алдын алууды жүргізу кезеңдігі жоспарлауға ұсымданады:

1) ПК, серверлер - 1 жылда бір рет орталық аппарат және комитеттер үшін және 1 жылда бір рет аймақтық бөлімшелер үшін. Жаңадан сатып алған ПК 6 айдан ерте емес сатып алған уақытынан кейін алдын алу жұмыстарын жүзеге асыру;

2) Принтерлерді жарты жылда бір рет, желілі принтерлерді тоқсанына бір рет, жаңадан сатып алған принтерлерді сатып алғаннан кейін 6 айдан кеш емес алдын алуын жүзеге асыру;

3) Дизель-генераторды 1 жылда бір рет;

4) Үзіліссіз қуат қондырығысын (UPS), сканерлерді, желілі және коммуникациялық жабдықтарды 1 жылда бір рет.

13 жолда, 4, 6 бағандарында есепті жылдың жөндеу бойынша қызмет ауқымы және алдын алуға арналған шығыстар сомасы ағымды жылда пайыздар қатынасында есептеседі (1-12 жолдарда, 5, 7 бағандарында) жөндеуге арналған шығыстар сомасына (13 жол, 5, 7 бағандарында). 9, 12, 15 бағандарында, ағымды және есепті кезеңінің ауқымы деңгейінде пайызда жөндеу бойынша қызметтер жоспарланған ауқымы қойылады. 11, 14, 17 бағандарында болжанатын кезеңге арналған жөндеу бойынша шығыстар сомасы ұлғайтылған қызметтер ауқымында есептеседі соған сәйкес 9, 12, 15 бағандарында алдын алу шығыстар сомасына арналған (1-12 жолдарының сомасы) 11, 14, 17 бағандарында соған сәйкес.

17 жолдың толтыру тәртібі шығыстар бойынша қызметтерге арналған БҚ қондыру қалпына келтіру бойынша, 13 жолда толтырылуы ұқсас жабдықтарды қондыру мен күйге келтіру. 13 жолдан өзге есептесу шығыстар сомасынан жедел қызмет көрсетуге жүргізіледі (14-16 жолдарының сомасы).

"4-6, 14-17 жолдары бойынша шығыстары ПК бірлігіне теңгеден" жолдардың шығыстар сомасы бөлшектеумен есептесіп компьютерлерге қызмет көрсетуге арналған және түпкірлік техникаларға қызмет көрсеткен компьютерлер санына арналған.

41. 06б-ИТ нысаны (ерекшелік 149) есептегіш жүйелерді жүйелі қызмет көрсету бойынша қызметтерді көтере сатып алуға арналған іс-шаралар жоспарлаған кезде толтырылады. 06б-ИТ нысанындағы 1 бағанында стандарттық жұмыстар тізімі тартылып, сол мемлекеттік органдардың ерекшелігімен сәйкес толықтырылуы мүмкін. 3 бағанда өлшем бірлігі көрсетілген, 4, 5 бағандарда есепті жылдар үшін жүйелі қызмет көрсетуге арналған шығыстар сомасы және табиғи айтылымда соған сәйкес қызметтер ауқымы көрсетіледі, 6, 7 бағандарда жоспарланған ағымды жылға арналған осы көрсеткіштер көрсетіледі, 8 бағанда қызметтер бағасы АҚШ долларымен қойылады. 9, 12, 15 бағандарында болжанатын үш жылдық кезеңге қызметтер ауқымы көрсетілген құжаттың есептесу бағанының басында көрсетіледі. 11, 14, 17 бағандарында болжанатын кезеңге қызмет құны қызмет ауқымының ұлғаюының теңге бағасына есептесіп және бір мыңға бөлшектелген.

